



**МАЗМҰНЫ**

1-бап. Глоссарий .....	2
2-бап. Жалпы ережелер .....	4
3-бап. Сақтанушы. Сақтандырылған тұлға. Пайда алушы .....	4
4-бап. Сақтандыру объектісі .....	4
5-бап. Сақтандыру жағдайларының тізбесі .....	5
6-бап. Сақтандыру жағдайларынан алып тастаулар және сақтандыру шектеулері .....	6
7-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі .....	9
8-бап. Сақтандыру сыйлықақысы.....	10
9-бап. Франшиза .....	10
10-бап. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі .....	10
11-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны .....	12
12-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.....	12
13-бап. Сақтандыру шарты қолданылған кезеңде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары .....	15
14-бап. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушының әрекеттері .....	16
15-бап. Сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі ..	17
16-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері.....	17
18-бап. Шарттың қолданылу мерзімі және тоқтатылу талаптары .....	19
19-бап. Қосымша талаптар .....	20
20-бап. Дауларды шешу тәртібі.....	21



### **1-бап. Глоссарий**

Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

**1. Актуарий** – сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер мөлшеріне қатысты экономикалық-математикалық есептеулерді жүзеге асырумен байланысты, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қажетті төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылық деңгейін қамтамасыз ету мақсатында қызмет атқаратын жеке тұлға.

**2. Жарылыс** – газдардың ұлғаюға ұмтылысына негізделген, қысқа уақыт аралығында шектеулі көлемде көп мөлшерде энергияның қарқынды бөліну процесі. Резервуардың (қазандықтың, құбырдың және т.б.) жарылысы деп тек сол резервуар қабырғаларының ішкі және сыртқы қысымды теңестіруге мүмкіндік беретіндей дәрежеде жарылуын айтады. Егер осындай резервуардың ішінде химиялық реакциялардың жедел өтуінен туындаған жарылыс орын алса, резервуар қабырғаларында жарылу болмаған жағдайда да, резервуарға келтірілген зақым сақтандыру шарты бойынша өтеледі. Шарт бойынша сақтандыру қорғанысы резервуардағы вакуумнан немесе газдың сиреуінен келтірілген залал жағдайларына қолданылмайды.

**3. Жарылғыш заттар** – жылдам химиялық реакцияға қабілетті, көп мөлшерде жылу мен газ бөлінуімен қатар жүретін және қандай да бір нысанда жарылыс жасауға арнайы арналған химиялық қосылыстар немесе заттар қоспалары.

**4. Залалды өтеу** – сақтандырумен жабылатын дүлей апаттар немесе өзге де себептер салдарынан сақтандырылған мүліктің жойылуы немесе бүлінуі нәтижесінде сақтанушы шеккен залалды сақтандырушының толық немесе ішінара өтеуі.

**5. Пайда алушы** – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы тұлға.

**6. Қолданыстағы заңнама** – уәкілетті мемлекеттік органдар немесе олардың лауазымды адамдары қабылдаған нормативтік құқықтық актілерден тұратын Қазақстан Республикасының заңнамасы.

**7. Сақтандыру шарты** – осы Сақтандыру қағидаларының талаптары негізінде «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ мен сақтанушы арасында жасалатын және нақты сақтандыру объектісін сақтандыру талаптарын айқындайтын шарт. Сақтандыру шарты бойынша бір тарап (сақтанушы) сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші тарап (сақтандырушы) сақтандыру жағдайы басталған кезде шартта көзделген сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтанушыға немесе шарт пайдасына жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

**8. Сақтандырылған тұлға** – оған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға.

**9. Құзыретті мемлекеттік органдар** – өз құзыреті шеңберінде қолданыстағы заңнамада көзделген басталған сақтандыру жағдайларын тергеп-тексеруге байланысты қажетті әрекеттерді жасауға уәкілетті органдар (мысалы, полиция, тергеу органдары, анықтау органдары, өрт инспекциясы, ТЖМ және басқалар).

**10. Сақтандыру қорғанысының кезеңі** – сақтандыру жағдайлары басталған кезде сақтандырушының сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру міндеті туындайтын сәттен бастап, мұндай міндет тоқтатылатын сәтке дейінгі уақыт кезеңі.

**11. Өрт** – оны тұтандыруға және ұстап тұруға арнайы арналмаған жерлерден тыс, өздігінен таралуға қабілетті оттың пайда болуы.

**12. Сақтандыру нысанасының толық жойылуы (жойылуы)**, сақтандыру жағдайы нәтижесінде сақтандыру нысанасына келтірілген:

1. сақтандырылған мүлік толығымен қираған және қалпына келтіруге жатпайды, және (немесе)
2. тозуды ескере отырып сақтандырылған мүлікті қалпына келтіру жөнделуінің құны қалдық құнымен бірге оның нақты құнынан асып түседі.

**13. Сақтандыру қағидалары** – сақтандырудың белгілі бір түрі бойынша сақтандыруды жүзеге асыру талаптарын айқындайтын сақтандыру ұйымының құжаты.

**14. Сақтандыру нысанасы** – сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде жойылатын (жоғалатын) немесе нашарлайтын (бүлінетін) сақтандырылған мүлік.

**15. Қосарлап сақтандыру (сострахование)** – бірнеше сақтандыру ұйымдарының сақтандыру тәуекелдерін бір мезгілде қабылдауына байланысты туындайтын қызмет және соған байланысты қатынастар, бұл ретте олардың жауапкершілігі олардың арасында жасалған қосарлап сақтандыру шартына сәйкес бөлінеді.

**16. Тараптар** – осы шартқа қол қойған сақтандырушы мен сақтанушы.

**17. Сақтанушы** – мүліктің сақталуына мүдделі, мысалы: меншік иесі, иеленуші, жалдаушы, жалға алушы, лизинг беруші, лизинг алушы болып табылатын және сақтандырушы мен сақтандыру шартын жасасқан заңды тұлға немесе әрекетке қабілетті жеке тұлға.



**18. Сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы.

**19. Қосарланған сақтандыру** – бірнеше сақтандырушыда бірдей тәуекелдерден бірдей мүддені сақтандыру, бұл ретте жалпы сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан асып түседі. Қосарланған сақтандыру болған жағдайда сақтандырушылар сақтандырылатын мүдденің сақтандыру құны шегінде жауапты болады және олардың әрқайсысы өзі жасасқан сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасына пропорционалды жауап береді. Дамыған елдерде қосарланған сақтандыру баю мақсатында пайдаланылуы мүмкін, сондықтан бұл мәселеге олардың заңнамаларында ерекше көңіл бөлінеді.

**20. Сақтандыру ұйымы (сақтандырушы)** – уәкілетті мемлекеттік органның тиісті лицензиясы негізінде сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.

**21. Сақтандыру сыйлықақысы** – сақтанушы сақтандырушыға төлеуге міндетті сақтандыру үшін төлем.

**22. Сақтандыру құны** – сипаттамалары (дайындалған немесе салынған жылы, салуға (дайындауға) пайдаланылған материал, өндіруші ел, орналасқан жері) сақтандыру жағдайы нәтижесінде зардап шеккен сақтандырылған мүліктің сипаттамаларына ұқсас мүліктің құны. Нақты құнды айқындау кезінде тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалау қызметін жүзеге асыруға құқығы бар бағалау ұйымдарын тартады.

**23. Сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді.

**24. Сақтандыру агенті** – берілген өкілеттіктерге сәйкес сақтандыру ұйымының атынан және тапсырмасы бойынша сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

**25. Сақтандыру актісі (сақтандыру жағдайы туралы акт)** – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жасайтын және сақтандыру өтемақысын төлеуге негіз болып табылатын құжат.

**26. Сақтандыру брокері** – сақтандыру және қайта сақтандыру мәселелері бойынша консультациялық қызметті және сақтанушының атынан және тапсырмасы бойынша сақтандыру шарттарын не цеденттің атынан және тапсырмасы бойынша қайта сақтандыру шарттарын өз атынан жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.

**27. Сақтандыру жағдайы** – сақтандыру шартында көзделген, басталуы сақтандырушының сақтандыру өтемақысын төлеу міндетін туындататын болған оқиға.

**28. Сақтандыру тәуекелі** – басталуы жағдайында сақтандыру жүзеге асырылатын болжамды қауіпті оқиға. Сақтандырумен жабылатын тәуекелдер шеңбері сақтандыру талаптарында қатаң көрсетілуге тиіс.

**29. Сақтандыру тарифі** – сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесі.

**30. Суброгация** – сақтандыру өтемақысын төлеген сақтандырушыға, төленген сома шегінде, сақтанушының сақтандыру нәтижесінде өтелген залал үшін жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығының өтуі.

**31. Терроризм** – қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, билік органдарының шешім қабылдауына ықпал ету, саяси, пайдакүнемдік немесе кез келген өзге террористік мақсаттарға қол жеткізу мақсатында жарылыс, өрт қою немесе адамдардың қаза болуына, елеулі мүліктік залал келтіруге не өзге де қоғамдық қауіпті салдардың туындауына қауіп төндіретін өзге де әрекеттерді жасау жолымен жасалған, заңсыз қылмыстық жазаланатын әрекет.

**32. Сақтандыру аумағы** – осы Шарт бойынша сақтандырушының сақтандыру қорғанысы қолданылатын аумақ.

**33. Франшиза** – сақтандыру талаптарында көзделген, белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден сақтандырушыны босату. Франшиза сақтандырылған мүлік құнының белгілі бір пайызы немесе белгілі бір сома түрінде белгіленуі мүмкін. Яғни, шартта қалай көзделгеніне қарай, франшиза сақтандырылған мүліктің жалпы құнына қолданылуы мүмкін. Шартты және шартсыз франшиза ажыратылады. Шартты франшиза кезінде сақтандырушы, егер залал мөлшері франшиза мөлшерінен аспаса, жауапкершіліктен босатылады, ал егер залал мөлшері франшизадан асып кетсе, залал толық көлемде өтелуге жатады. Шартсыз франшиза кезінде сақтандырушының жауапкершілігі франшизаны шегергендегі залал мөлшерімен айқындалады. Сақтандыру шартына франшизаны енгізудің мақсаты – ұсақ залалдарды реттеуге байланысты шығыстардан сақтандырушыны босату, өйткені көптеген жағдайларда мұндай шығыстар залал



сомасынан асып кетеді. Бұдан басқа, франшиза сақтанушыны сақтандырылған мүлікке анағұрлым ұқыпты қарауға міндеттейді.

**34. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде сақтандыру нысанасына келтірілген ішінара залал** – мөлшері сақтандыру жағдайы басталғанға дейін тікелей бүлінбеген сақтандыру нысанасының бағалау құнынан, сақтандыру жағдайынан кейін тікелей сақтандыру нысанасының қалдық құнын және қалпына келтіру жөндеуінің құнын ескере отырып, аспайтын залал.

**35. ҚЖ/ТҚ** – қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру.

## **2-бап. Жалпы ережелер**

**1.** Осы мүлікті (арнайы техниканы) ерікті сақтандыру қағидаларының талаптарында (бұдан әрі – Қағидалар/Сақтандыру қағидалары) «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ, бұдан әрі Сақтандырушы деп аталатын, Сақтанушының Сақтандыру қағидаларына қосылуы және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін беруі арқылы (бұдан әрі мәтін бойынша – Шарт/Сақтандыру шарты) заңды және жеке тұлғалармен (бұдан әрі – сақтанушы) сақтандыру шарттарын жасасады.

**2.** Мүлікті (арнайы техниканы) сақтандыру шарты бойынша сақтандырушы шартта көзделген сақтандыру сыйлықақысы үшін сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе шарт пайдасына жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

## **3-бап. Сақтанушы. Сақтандырылған тұлға. Пайда алушы**

**1.** Сақтанушы – мүліктің сақталуына мүдделі, мысалы: иеленуші, жалдаушы, жалға алушы, лизинг беруші, лизинг алушы болып табылатын және сақтандырушы мен сақтандыру шартын жасасқан заңды тұлға немесе әрекетке қабілетті жеке тұлға.

**2.** Заңды тұлға болып табылатын сақтанушы сақтандыру шарты қолданылған кезеңде қайта ұйымдастырылған кезде, осы шарт бойынша оның құқықтары мен міндеттері сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен тиісті құқық мирасқорына өтеді.

**3.** Жеке тұлға болып табылатын сақтанушы сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде қайтыс болған жағдайда, осы сақтандыру шарты бойынша оның құқықтары мен міндеттері сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен сақтанушының мұрагерлеріне өтеді.

**4.** Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы бір мезгілде сақтандырылған тұлға болып табылады.

**5.** Сақтанушы сақтандыру шартында үшінші тұлғаны сақтандырылған тұлға ретінде айқындай алады. Мұндай жағдайларда сақтандыру объектісі ретінде сақтандырылған тұлғаның мүлкі және соған байланысты мүліктік мүдделер танылады.

**6.** Сақтандыру шартын сақтандырылған тұлғаның пайдасына жасасу сақтанушыны сақтандыру шарты бойынша міндеттерді орындаудан босатпайды.

**7.** Сақтанушы сақтандыру шартын жасасу кезінде кез келген тұлғаны пайда алушы ретінде тағайындауға құқылы.

**8.** Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталғанға дейін сақтандыру шартында көрсетілген, сақтандырылған тұлға болып табылмайтын пайда алушыны сақтандырушыны бұл туралы жазбаша хабардар ету арқылы басқа тұлғамен алмастыруға құқылы.

**9.** Пайда алушы өзінің сақтандыру шарты бойынша сақтанушымен жасалған келісімінен туындайтын белгілі бір міндеттерін орындағаннан кейін немесе сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талап қойғаннан кейін басқа тұлғамен алмастырылмайды.

## **4-бап. Сақтандыру объектісі**

**1.** Мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету кезеңінде туындаған сақтандыру жағдайы салдарынан болған күтпеген шығыстар мен залалдарға байланысты Сақтанушының мүліктік мүдделері.

**2.** Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушыға (сақтандырылған тұлғаға) меншік құқығымен тиесілі мүлік, сондай-ақ сақтанушы (сақтандырылған тұлға) жалға



алған немесе кредиттің қамтамасыз етуі болып табылатын (кепілге қойылған мүлік) мүлік сақтандыруға жатады.

**3. Сақтандыру мыналарға қолданылмайды:**

- 1) теңгедегі және шетел валютасындағы қолма-қол ақшаға;
- 2) акцияларға, облигацияларға және кез келген басқа бағалы қағаздарға;
- 3) қолжазбаларға, жоспарларға, сызбаларға және өзге де құжаттарға, бухгалтерлік және іскерлік кітаптарға;
- 4) модельдерге, макеттерге, үлгілерге, нысандарға және т.б.;
- 5) құймадағы бағалы металдарға және қаптамасыз асыл тастарға, қымбат бағалы әшекейлерге және т.б.;
- 6) компьютерлік және ұқсас жүйелердің техникалық ақпарат тасымалдағыштарына, атап айтқанда магниттік таспалар мен кассеталарға, магниттік дискілерге, жады блоктарына және т.б.;
- 7) маркаларға, монеталарға, ақша белгілеріне және бондарға, суреттерге, картиналарға, манускрипттерге, гравюраларға, мүсіндерге, мүсіндік туындыларға немесе өзге де коллекцияларға, өнер туындыларына немесе антиквариатқа;
- 8) жарылғыш заттарға;
- 9) жылжымалы құрылыс, ауыл шаруашылығы немесе өзге де машиналарға;
- 10) сақтандырылған үй-жайда орналасқан, бірақ сақтанушыға тиесілі емес мүлікке;
- 11) автомобиль, әуе, теміржол және су көлігіне;
- 12) жүктерге.

**4. Осы баптың 3-тармағының 1)-10) тармақшаларында көрсетілген мүлікке сақтандыру шартында бұл арнайы келісілген жағдайда ғана сақтандыру қолданылуы мүмкін.**

**5-бап. Сақтандыру жағдайларының тізбесі**

**1. Осы қағидаларға сәйкес жасалған сақтандыру шарты бойынша мүліктің мынадай сақтандыру жағдайлары немесе оқиғалар нәтижесінде жоғалу (жойылу) немесе бүліну тәуекелі (жиынтықпен (толық пакет) немесе олардың кез келген үйлесімі бойынша) сақтандырылады:**

- 1) өрттің, найзағай соғудың, жарылыстың;
- 2) мүлікке басқарылатын ұшатын объектілердің немесе олардың сынықтарының не жүктің құлауы;
- 3) дүлей зілзалалардың, атап айтқанда тек және тек қана – көшкіннің, тау опырылуының, дауылдың, құйынның, құйын желдің, бұршақтың, нөсердің, қар көшкінінің;
- 4) жер сілкінісінің және одан кейінгі (соның салдарынан туындаған) өрттің;
- 5) су құбыры, кәріз, жылыту жүйелері мен өрт сөндіру жүйелеріндегі авариялар салдарынан су басудың;
- 6) үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттерінің, атап айтқанда тек және тек қана – бұзып ұрлаудың, қарақшылықтың, тонаудың.

**2. «Бүліну» тәуекелі осы баптың 1-тармағында көрсетілген әртүрлі сыртқы факторлардың әсерінен мүліктің зақымдануын қамтиды, соның нәтижесінде мүлікті қалпына келтіру мүмкін және экономикалық жағынан орынды болады.**

**3. «Жоғалу (жойылу)» тәуекелі осы баптың 1-тармағында көрсетілген әртүрлі сыртқы факторлардың әсерінен мүліктің ұрлануын және/немесе зақымдануын қамтиды, соның нәтижесінде қалпына келтіру жұмыстарының сомасы мүліктің нарықтық құнынан асып түседі немесе мүлікті қалпына келтіру экономикалық жағынан орынсыз болады.**

**4. Осы қағидалар бойынша қосымша ретінде осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген, бірақ басталуы ықтималдық және кездейсоқтық белгілеріне ие өзге оқиғалар нәтижесінде мүліктің жоғалу (жойылу) немесе бүліну тәуекелдері сақтандырылуы мүмкін.**

**5. Сақтандыру шартында көрсетілмеген оқиғалар нәтижесінде мүліктің бүлінуі немесе жоғалуы сақтандыру жағдайы болып табылмайды. Сақтандыру шартында көрсетілген екі немесе одан да көп оқиғалардың әсерінен мүліктің бүлінуі немесе жоғалуы бір сақтандыру жағдайы болып табылады. Сақтандыру шартының өзінде көрсетілмеген оқиғалар сақтандыру жағдайы болып табылмайды және олар бойынша сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды, оның ішінде дүлей**



зілзалалар мен үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттерінің тізбесі кеңейтілген түрде түсіндірілуге жатпайды.

**6-бап. Сақтандыру жағдайларынан алып тастаулар және сақтандыру шектеулері**

**1.** Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан Сақтандырушыны босатудың жалпы негіздерінен басқа, егер сақтандыру жағдайы төменде көрсетілген бір немесе бірнеше фактілер болған кезде орын алса, Сақтандырушы жауапты болмайды және Сақтанушыға сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

- 1) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның Қазақстан Республикасында белгіленген өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзуы;
- 2) арнайы техниканың өздігінен жануы;
- 3) алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық масаң күйде болған және/немесе ағзаның психомоторлық функцияларына әсер ететін дәрілік препараттарды қолданған Сақтанушының/Пайда алушының (оның жұмыскерлерінің/отбасы мүшелерінің) әрекеттері/әрекетсіздігі;
- 4) террористік актілер және үшінші тұлғалардың саяси себептермен жасалған құқыққа қарсы әрекеттері;
- 5) зауыттық ақау салдарынан келтірілген залал;
- 6) мүлікті мақсатына сай пайдаланбау, сондай-ақ оны пайдалану жөніндегі нұсқаулықты және Қазақстан Республикасында белгіленген өзге де нормалар мен қағидаларды бұза отырып пайдалану, не мүлікті Сақтанушының Өтінішінде көрсетілген мақсаттардан өзге мақсаттарда пайдалану, сол сияқты Сақтанушы/Пайда алушы білген немесе білуге тиіс болған техникалық ақаулығы бар мүлікті пайдалану;
- 7) сақтандырылған мүліктің сақталуын қамтамасыз етпеу, атап айтқанда: егер бұл Өтініште көзделген болса, мүлікті тиісінше күзетсіз қалдыру, бекіткіш құрылғыларды және/немесе құрылғыларды жұмыс қалпына келтірмеу, сол сияқты олардың болмауы, Өтініште көзделген өзге қауіпсіздік шараларының болмауы, сондай-ақ оларды жұмыс қалпына келтірмеу;
- 8) мүлікті пайдалану жөніндегі нұсқаулықта және дайындаушы зауытта, сондай-ақ Қазақстан Республикасында белгіленген өзге де нормалар мен қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін климаттық жағдайларда мүлікті пайдалану немесе қолдану. Егер Қазақстан Республикасында мұндай нормалар көзделмесе, халықаралық құқық нормалары қолданылады;
- 9) қозғалыс, жұмыс процесінде немесе одан бұрын үзіліп немесе ажырап қалған осы арнайы техниканың бөлшегімен арнайы техниканың бүлінуі;
- 10) техниканың немесе оның бөлшектерінің, не арнайы техника тұратын металдың шаршауы;
- 11) тозу нәтижесінде техниканың бүлінуі не жойылуы;
- 12) біліктілігі жоқ персонал пайдалануы салдарынан не техниканы пайдалану тәртібін және/немесе қағидаларын бұзу кезінде болған бүліну не жойылуы;
- 13) уақытында ауыстырылмаған бөлшек салдарынан не тиісінше қызмет көрсетілмеу салдарынан болған бүліну не жойылуы;
- 14) техниканың бөлшектерінде немесе бетінде және ішкі қуыстарында шіру мен тот басу нәтижесінде болған бүліну не жойылуы;
- 15) техниканы қайта орналастырудан (басқа жерге тасымалдаудан) туындаған техниканың бүлінуі не жойылуы;
- 16) техниканы монтаждау мен бөлшектеуге қойылатын талаптарды бұзу нәтижесіндегі бүліну не жойылуы;



- 17) техниканың жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шарттарын бұзу, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, қатты жел кезінде жұмыс істеу, техниканы шамадан тыс жүктеу және т.б.;
  - 18) сапасыз отынды пайдалану;
  - 19) электр энергиясының кернеу секіруі;
  - 20) дайындаушы зауыт арнайы келіспеген және ұсынбаған қосалқы бөлшектерді, жинақтауыштарды және/немесе шығыс материалдарын пайдалану.
- 2. Шарт бойынша Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мынадай мән-жайлар да негіз бола алады:**
- 1) сақтандыру жағдайының Шарт күшіне енбеген кезеңде басталуы;
  - 2) арнайы техниканы Сақтандырушымен жазбаша келісімсіз жалға, лизингке немесе прокатқа беру;
  - 3) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу, егер бұл сақтанушының еркінен тыс себептермен немесе дәлелді себептермен түсіндірілмесе және Сақтанушы осы фактіні растайтын құжаттарды ұсынбаса;
  - 4) сақтандыру жағдайы туралы құзыретті органдардың қорытындысының болмауы;
  - 5) Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын немесе оның кезекті бөлігін Шартта белгіленген мерзімдерде төлемеуі;
  - 6) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттерін орындамауы;
  - 7) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты өз талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға сақтандырушыға талап ету құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы;
  - 8) Сақтанушының/Пайда алушының/Сақтандырылған тұлғаның әрекеттері (әрекетсіздігі), соның нәтижесінде Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығын жүзеге асыруы мүмкін болмай қалған;
  - 9) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесінде болуы (бұдан әрі мәтін бойынша – ЖҚҚТҚ тізбесі);
  - 10) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының сұрауы бойынша тиісінше тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
  - 11) ақша және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция ҚЖ/ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіздер болған кезде.
- 3. Сондай-ақ, Шарт бойынша мыналар жабылмайды:**
- 1) сақтандырылған мүліктің тауарлық түрін жоғалту;
  - 2) сақтандыру жағдайына және оны уәкілетті органдарда дәлелдеуге байланысты іс жүргізу шығындары (ксерокөшірмелерге, нотариаттық куәландыруға, сараптамаға, адвокаттың, өкілдің, аудармашының қызметіне ақы төлеу шығындары және т.б.);
  - 3) осы жыл мезгілі мен осы жерге тән әдеттегі ауа райы және табиғи жағдайлар/құбылыстардың әсері;
  - 4) сақтандырылған мүлікті жақсарту және жаңғырту бойынша шығыстар;
  - 5) Сақтанушының моральдық зияны мен тұрақсыздық айыбы, сондай-ақ Сақтандырушыдан өтеуге қойылған моральдық зиян мен тұрақсыздық айыбы;
  - 6) үшінші тұлғаларға келтірілген зиян;
  - 7) Сақтанушының/Пайда алушының жоғалтқан пайдасы;



- 8) сақтандырылған мүлікпен бірге жоғалған дабыл беру жүйесінің және/немесе күзет жүйесінің, сондай-ақ бекіткіш құрылғылардың құны;
- 9) қалыпты тозу және табиғи кему, сондай-ақ өзінің табиғи қасиеттері салдарынан болған мүліктің бүлінуі және/немесе жоғалуы (жойылуы);
- 10) сақтандыру жағдайы басталуы нәтижесінде Сақтанушыға салынған айыппұлдарды, өсімпұлды, тұрақсыздық айыбын және/немесе өзге де әкімшілік өндіріп алулар мен санкцияларды өтеу жөніндегі шығыстар;
- 11) сақтандырылған мүліктің кез келген механикалық сынықтары немесе ақаулары;
- 12) сақтандырылған мүлікті пайдаланудың қалыптан тыс жағдайларын көздейтін сынақтар, әдейі шамадан тыс жүктеме немесе эксперименттер жүргізу салдарынан, сондай-ақ Сақтандырушының келісімінсіз сақтандырылған мүлік конструкциясына өзгерістер немесе жетілдірулер енгізу салдарынан болған сақтандырылған мүліктің механикалық сынықтары;
- 13) қоршаған ортаның коррозия, эрозия немесе кез келген өзге де ұзақ химиялық не атмосфералық әсері, сондай-ақ кірдің, таттың, қақтың және т.б. шамадан тыс әсері салдарынан сақтандырылған мүліктің механикалық сынықтары;
- 14) егер Шарт бойынша сақтандырылған мүлік өнеркәсіптік жабдық болып табылса, арнайы рұқсаты жоқ және арнайы оқудан өтпеген біліксіз персоналдың сақтандырылған мүлікті пайдалануы немесе қолдануы салдарынан, сол сияқты бұған арнайы оқытылмаған және арнайы рұқсаты жоқ тұлғалардың қызмет көрсетуі және/немесе жөндеуі салдарынан туындаған залал;
- 15) бағдарламалау, деректер тасымалдағыштарын енгізу, таңбалау кезінде жіберілген қателіктер салдарынан, магниттік өрістердің әсерінен электрондық ақпаратты абайсызда жою нәтижесінде келтірілген залал;
- 16) егер Сақтандырушы сақтандырылған жоғалған мүліктің қалдық құнын ұстап қала отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде абандон құқығынан бас тартса, Сақтанушының бүлінген сақтандырылған мүлікті сақтау және тасымалдау шығыстары, сондай-ақ Сақтанушының жарамсыз (жойылған) мүлікті жою жөніндегі шығыстары да жабылмайды;
- 17) сақтандырылған мүлікті тиеу, қайта тиеу, түсіру жөніндегі шығыстар;
- 18) сақтандырылған мүлікті тиеу, қайта тиеу, түсіру және тасымалдау нәтижесінде келтірілген залал;
- 19) егер мұндай жинақтауыштар және/немесе шығыс материалдары сақтандыру жағдайы басталған сәтте ауыстыруды қажет етсе немесе 70 (жетпіс) пайызға тозған болса, жинақтауыштарды және/немесе шығыс материалдарын ауыстыруға арналған шығыстар;
- 20) сақтандырылған жылжымалы мүлікті ол орналасқан үй-жайға бұзып кіру не күш қолданып кіру іздерінсіз ұрлау, сондай-ақ сақтандырылған жылжымалы мүліктің жұмбақ (белгісіз) мән-жайларда жоғалуы;
- 21) мүлікті қайта өңдеу мақсатында немесе өзге де мақсаттарда (мысалы, кептіру, қайнату, үтіктеу, ыстау, қуыру, ыстық өңдеу немесе металдарды балқыту және т.б.) оларға оттың, жылудың немесе өзге де термиялық әсердің нәтижесінде болған мүліктің бүлінуінен және/немесе жоғалуынан (жойылуынан) туындаған залалдар;
- 22) Шарт қолданылған кезеңде жер астында және/немесе шахталарда орналасқан және пайдаланылған сақтандырылған мүліктің бүлінуі және/немесе жоғалуы;
- 23) бу қозғалтқыштарының, бу немесе су жылыту қазандықтарының, бу бұрғылау сорғыларының, бу құбырларының, бу және су жылытқыштарының немесе олардың қосылыстарының су немесе бу қысымының артуы салдарынан жарылуынан және/немесе кейінгі өртінен, тесіліп кетуінен немесе қирауынан, сондай-ақ іштен жану қозғалтқыштарының, электр бұрғылау сорғыларының, маховиктердің және басқа айналатын және қозғалатын бөліктердің жарылуы салдарынан туындаған мүліктің бүлінуінен және/немесе жоғалуынан туындаған залалдар;



- 24) ұңғымадағы авариялық атқылау (ұңғыманың бақылаудан шығуы) және кратер түзілуі нәтижесінде туындаған мүліктің бүлінуінен және/немесе жоғалуынан болған залалдар;
  - 25) ұңғыманың бақылаудан шығуы салдарынан кейіннен туындаған өрт кезінде мүліктің бүлінуінен және/немесе жоғалуынан болған залал;
  - 26) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге жағдайлар.
- 4.** Шарт кез келген жағдайда кез келген компьютерді, компьютерлік жүйені, бағдарламалық қамтамасыз етуді, кодты, вирусты немесе процесті не кез келген өзге электрондық жүйені қасақана пайдалану немесе қолдану (зиян келтіру құралы ретінде) арқылы тікелей немесе жанама түрде туындаған, арандатылған немесе содан шығатын шығындарды, залалды, жауапкершілікті немесе шығыстарды жаппайды.
- 5.** Шарт қандай да бір қаруды немесе снарядты іске қосу және/немесе бағыттау және/немесе іске қосу механизмінде кез келген компьютерді, компьютерлік жүйені немесе бағдарламалық қамтамасыз етуді, не өзге электрондық жүйені пайдалану нәтижесінде туындайтын залалдарды жаппайды.
- 6.** Сақтандыру шартында сақтандырудан алып тастаулардың өзге тізбесі және сақтандырудың өзге шектеулері көзделуі мүмкін.

### **7-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі**

- 1.** Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді.
- 2.** Мүлікті залалдан сақтандыру кезінде сақтандыру сомасы сақтандыру шартын жасасқан сәттегі оның нақты құнынан (сақтандыру құнынан) аспауға тиіс.
- 3.** Тараптар сақтандыру шартында айқындалған мүлік құнына дау айта алмайды, тек сақтандырушыны сақтанушы әдейі жаңылыстырғанын дәлелдеген жағдайларды қоспағанда.
- 4.** Егер сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан асып кетсе, шарт сақтандыру шартын жасасқан сәттегі сақтандыру құнынан асатын сақтандыру сомасы бөлігінде жарамсыз болып табылады.
- 5.** Сақтандыру сомасының мөлшері тараптардың келісімімен сақтандыру шартын жасасқан кездегі мүліктің нақты құнын растайтын құжаттар негізінде айқындалады.
- 6.** Нақты құн (сақтандыру құны) сақтандыру шарты жасалған күнгі қолданыста болған бағалар негізінде есептеледі және былайша айқындалады:
  - 1) жабдықтар, машиналар, мүкәммал, үй мүлкі және жеке пайдалану заттары үшін – тозуды (есептелген амортизацияны) шегере отырып немесе шегермей, жойылған затқа толықтай ұқсас затты сатып алуға қажетті сомадан шыға отырып;
  - 2) ғимараттар мен құрылыстар үшін – осы жергілікті жерде жойылған ғимаратқа толықтай ұқсас ғимаратты салу құны, жойылған (бүлінген) ғимараттың немесе құрылыстың тозуын ескере отырып немесе ескермей және пайдалану-техникалық жай-күйін ескере отырып;
  - 3) сақтанушы өндіретін тауарлар үшін (аяқталмаған өндірістегі де, дайын да) – жойылған заттарды қайта дайындауға қажетті өндіріс шығындары, бірақ олардың сату бағасынан аспайтындай;
  - 4) сақтанушы саудалайтын тауарлар, сондай-ақ сақтанушы сатып алған шикізат үшін – оларды қайта сатып алу үшін қажетті бағалар бойынша, бірақ оларды сақтандыру жағдайы күні сатуға болатын бағалардан аспайтындай.
- 7.** Егер сақтандыру шартын жасасқан сәтте сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан төмен белгіленсе, сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы (сақтандырылған тұлға) шеккен нақты залалдың бір бөлігін сақтандыру сомасының сақтандыру құнына қатынасына пропорционалды мөлшерде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
- 8.** Сақтандыру шарты бойынша жалпы сақтандыру сомасы сақтандыруға қабылданған әрбір объекті бойынша жекелеген сақтандыру сомаларынан құралады.
- 9.** Сақтандыру шартында мыналар белгіленуі мүмкін:



- 1) жалпы сақтандыру сомасы – сақтандыру қорғанысының бүкіл қолданылу кезеңі үшін барлық сақтандыру жағдайлары бойынша жиынтық шекті жауапкершілік көлемі;
- 2) сақтандыруға қабылданған әрбір объекті бойынша сақтандыру сомасы;
- 3) әрбір немесе бірнеше сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру сомасы;
- 4) бір оқиға нәтижесіндегі сақтандыру жағдайлары сериясы бойынша сақтандыру сомасы;
- 5) әрбір сақтандыру тәуекелі не сақтандыру тәуекелдері тобы бойынша сақтандыру сомасы;
- 6) сақтандыру сомаларының өзге түрлері.

### **8-бап. Сақтандыру сыйлықақысы**

1. Сақтандыру сыйлықақысы – сақтанушы сақтандыру шартымен айқындалған мөлшерде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемені өзіне қабылдағаны үшін сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы. Сақтандыру шарты бойынша төленуге тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісі мен сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасының бірлігінен есептеледі.
2. Сақтандыру шартында жалпы сақтандыру сыйлықақысы белгіленеді. Сондай-ақ сақтандыру шартында сақтандыру сомасы мен сақтандыру тарифінен шыға отырып, әрбір объекті және әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру сыйлықақысы белгіленуі мүмкін.
3. Сақтандырушы төленуге тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау кезінде тәуекел факторларына байланысты айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне арттырушы және төмендетуші коэффициенттерді қолдануға құқылы: сақтандырылған үй-жайдың немесе сақтандырылған үй-жайдағы мүліктің өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуы, ең жақын өрт қызметі бекетінен, авариялық және жөндеу қызметтерінен қашықтығы және т.б.
4. Сақтандыру сыйлықақысы сақтанушы тарапынан біржолғы түрде немесе бөліп төлеу тәртібімен мерзімдік сақтандыру жарналары түрінде, қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда төленуге жатады.
5. Сақтанушы Сақтандыру шартында келісілген мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеген жағдайда, Сақтандырушы:
  - 1) кезекті сақтандыру жарнасы төленбеген күннен бастап Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;
  - 2) егер сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға мерзімі өткен кезекті сақтандыру жарнасы төленгенге дейін басталса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.
6. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу бойынша бөліп төлеу берілген және Сақтанушы осы Шартта көрсетілген төлем кестесіне сәйкес кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді 5 (бес) күнтізбелік күннен артық мерзімге кешіктірген жағдайда, Сақтандырушы бүкіл кезең үшін сақтандыру сыйлықақысының сомасын сот тәртібімен толық көлемде өндіріп алуға құқылы.

### **9-бап. Франшиза**

1. Сақтандыру шартында тараптардың келісімі бойынша сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залалды өтеуге сақтанушының өзінің қатысуы – шартсыз (шегерілетін) немесе шартты (шегерілмейтін) франшиза көзделуі мүмкін. Франшиза сақтандыру сомасының пайызы түрінде де, тіркелген сома түрінде де белгіленуі мүмкін.
2. Франшиза мөлшері сақтандыру шартында келісіледі:
  - 1) шартсыз франшиза кезінде залал барлық жағдайларда белгіленген соманы шегере отырып өтеледі;
  - 2) шартты франшиза кезінде сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден босатылады, бірақ егер залал мөлшері осы сомадан асып кетсе, залалды толық көлемде өтеуге міндетті.

### **10-бап. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі**

1. Сақтандыру шарты Сақтанушының өтініш-сауалнамасы негізінде жасалады. Өтініш-сауалнама Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады. Өтініш-сауалнаманың нысаны Сақтандырушының ішкі құжаттарына сәйкес жасалады.
2. Сақтандыру шарты Сақтанушының қалауы бойынша:
  - 1) Сақтандырушыға жазбаша жүгіну арқылы;



- 2) Компанияның «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатындағы ішкі бақылау қағидаларына» сәйкес тиісінше тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсына отырып, Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалану арқылы электрондық нысанда ақпарат алмасу жолымен жасалуы мүмкін.
3. Егер сақтандыру шарты сақтанушының белгіленген нысандағы жазбаша өтініш-сауалнамасы негізінде жасалса, бұл өтініш сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.
4. Сақтандырушы өтініш-сауалнаманың нысанын және сұратылатын мәліметтерін өзгертуге құқылы.
5. Сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтанушы сақтандырушыға өзіне белгілі, сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болатын ықтимал залалдардың мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) айқындау үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы хабарлауға міндетті.
6. Сақтанушы сондай-ақ сақтандырылатын мүлікке қатысты сақтандыру тәуекелін айқындау мақсатында сақтандырушы қойған сұрақтарға жауап беруге міндетті.
7. Сақтандырылған мүлік туралы ақпараттың дұрыстығы үшін жауапкершілікті сақтанушы көтереді.
8. Егер сақтандыру шарты сақтанушының сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына жауаптары болмаған кезде жасалса, соңғысы кейіннен сақтандыру шартын бұзуды не оны жарамсыз деп тануды тиісті мән-жайлар сақтанушы тарапынан хабарланбаған деген негізбен талап ете алмайды.
9. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін сақтанушы осы баптың 5-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер хабарлағаны анықталса, сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.
10. Егер сақтанушы жасырған мән-жайлар жойылып кеткен болса, сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
11. Сақтанушының өтінішінде сақтандыру шарты жасалған сәтте сақтандырылуға жататын мүліктегі бар зақымдар мен ақаулар көрсетіледі. Сақтанушы сақтандырушыны өзіне тиесілі мүлікке қатысты өзге тұлғалардың талаптарының, сот талап-арыздарының болуы немесе соттың қабылданған шешімдерінің болуы туралы хабардар етуге міндетті.
12. Сақтандырушы мүліктің болуын және жай-күйін, сондай-ақ сақтанушы хабарлаған мүлік туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеруге құқылы.
13. Сақтандыру шарты мыналарды қамтуға тиіс:
  - 1) сақтандырушының атауын, орналасқан жерін және банктік деректемелерін;
  - 2) сақтанушының тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) және тұрғылықты жерін (егер ол жеке тұлға болса) немесе оның атауын, орналасқан жерін және банктік деректемелерін (егер ол заңды тұлға болса);
  - 3) сақтандыру объектісінің көрсетілуін;
  - 4) сақтандыру жағдайының көрсетілуін;
  - 5) сақтандыру сомасының мөлшерлерін және сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдерін;
  - 6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдерін;
  - 7) шарттың жасалған күнін және қолданылу мерзімін;
  - 8) егер олар сақтандыру қатынасына қатысушылар болса, сақтандырылған тұлға мен пайда алушы туралы мәліметтерді;
  - 9) сақтандыру шартының нөмірін;
  - 10) шарт талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібін;
  - 11) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы сақтанушыны немесе сақтандырылған тұлғаны хабардар ету мерзімдерін;
  - 12) сақтанушының бизнес-сәйкестендіру нөмірін (бар болса), резиденттік белгісін және экономика секторын көрсетуді;
  - 13) егер сақтандырылған тұлға (пайда алушы) сақтандыру шарты бойынша сақтанушы болып табылмаса, сақтандыру шартында сақтандырылған тұлға (пайда алушы) көрсетілген жағдайда, сақтандырылған тұлғаның (пайда алушының) бизнес-сәйкестендіру нөмірін (бар болса), резиденттік белгісін және экономика секторын көрсетуді;
  - 14) сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемінің және сақтандыру сыйлықақысының валютасының түрін.



14. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда, сақтандырушы сақтанушының жазбаша өтініші негізінде сақтандыру шартының телнұсқасын береді, содан кейін жоғалған сақтандыру шарты жарамсыз болып есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

### **11-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны**

1. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап, ал оны бөліп төлеген жағдайда – алғашқы сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
2. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шарты алғашқы басталған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған сәттен бастап өз қолданысын тоқтатады.
3. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының әрекет ету кезеңі сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.
4. Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) тек сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана таралады.

### **12-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

#### **1. Сақтанушының құқықтары:**

- 1) болған оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған кезде, осы Қағидалардың 16-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін алуға;
- 2) Шарт жоғалған жағдайда – оның телнұсқасын алуға;
- 3) Сақтандырушының келісімімен Шарт талаптарын өзгертуге;
- 4) осы Қағидалардың 18-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Шартты мерзімінен бұрын бұзуға;
- 5) Сақтанушының Сақтандыру қағидаларында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да құқықтары бар.

#### **2. Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға міндетті:**

- 1) Шарт қолданылған кезеңде сақтандыру объектісіне қатысты қолданылатын басқа сақтандыру шарттары туралы хабарлауға;
- 2) сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болатын ықтимал залал мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар өзіне белгілі мән-жайлар туралы хабарлауға;
- 3) Сақтандырушы өкілін Шарт талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру үшін сақтандырылған мүлікке кедергісіз жіберуге;
- 4) сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы, сондай-ақ Шарт жасалған кезде сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған, Шарт қолданылған кезеңде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер етуі мүмкін елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға дереу хабарлауға. Шарт жасалған кезде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы кез келген өзгерістер елеулі деп танылады;
- 5) мүлікті тек оның мақсатты тағайындалуына сәйкес және Өтініште көрсетілген мақсаттарда пайдалануға, сондай-ақ оны күзетуге қатысты барлық шараларды қабылдауға (Сақтанушының Өтінішіне сәйкес);
- 6) мүлікті жөндеу және пайдалану кезінде Қазақстан Республикасында рұқсат етілген электр сымдарының, электр жабдықтарының, газбен жабдықтау/тарату, су құбыры, жылумен жабдықтау жүйелерінің тек рұқсат етілген түрлерін пайдалануға;
- 7) мүлікті пайдалану жөніндегі нұсқаулық талаптарын және дайындаушы зауыттың ұсынымдарын сақтауға;
- 8) тек дайындаушы зауыт арнайы келіскен және ұсынған жинақтауыштар мен шығыс материалдарын пайдалануға;
- 9) мүлікті ағымдағы жөндеуге тек арнайы оқытылған және арнайы рұқсаты бар мамандарды тартуға;



- 10) өрт қауіпсіздігінің барлық талаптарын сақтауға, оның ішінде өртке қарсы қызметтердің нұсқамалары бойынша өртке қарсы режимнің жіберілген бұзушылықтарын міндетті түрде жоюға;
- 11) газ жабдығын пайдалану мен газды пайдалануға қатысты белгіленген қауіпсіздік шараларын, оның ішінде газ қызметінің нұсқамаларын сақтауға, сондай-ақ уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде газ жабдығын пайдалану және газды пайдалану қағидаларының барлық жіберілген бұзушылықтарын жоюға;
- 12) сақтандыру жағдайы басталған кезде, дереу құзыретті органдарға мәлімдеуге және сақтандырылған мүлікті құтқару мен залал мөлшерін азайту үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауға;
- 13) сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, бұл туралы Сақтандырушыны кез келген қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабардар етуге. Ауызша нысандағы хабарлама кез келген жағдайда кейіннен жазбаша түрде расталуға тиіс. Сондай-ақ Сақтанушыда келтірілген зиянды өтеу міндеті туындайтын оқиғаның себептері, барысы мен салдары, сондай-ақ келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері туралы пайым жасауға мүмкіндік беретін барлық қолжетімді ақпарат пен құжаттаманы ұсынуға;
- 14) сақтандыру жағдайы басталған кезде, сақтандырылған мүліктің Сақтандырушы өкілі қарап шыққанға дейін, оны сақтандыру жағдайынан кейінгі күйінде сақтауға шаралар қабылдауға;
- 15) қажет болған жағдайларда, өз күшімен және өз есебінен Сақтандырушы өкілінің сақтандыру жағдайы болған жерде болуын қамтамасыз етуге;
- 16) сақтандыру төлемін алған кезде, Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және Сақтандырушының өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға;
- 17) зардап шеккен сақтандырылған мүлікті қарау үшін Сақтандырушы өкілін кедергісіз жіберуге;
- 18) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талап қою мерзімдері ішінде заң бойынша немесе Шарт бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға негіз болып табылатын мән-жай анықталса, Сақтандырушының жазбаша хабарламасын алған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға сақтандыру төлемінің бүкіл сомасын қайтаруға;
- 19) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
- 20) кезекті сақтандыру жарнасы төленбеген жағдайда, төлеу мерзімі өткен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні өткен соң Сақтандыру шартын бұзу туралы келісімге қол қоюға;
- 21) Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруді қоса алғанда, Сақтандырушының не үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы дербес деректерді одан әрі сақтау қажеттілігі жойылғанға дейін айқындайды және ол 10 жылды құрайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның не үшінші тұлғаның Шарт талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын орындау, сондай-ақ тұтастай алғанда Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру мақсатында жүзеге асырылады;
- 22) Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, оның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімін растайды;
- 23) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін



өңдеуіне, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге, сондай-ақ дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, оның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге жазбаша келісім талап етуге міндетті;

24) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне келісімінің болмауы үшін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге және дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға келісімнің болмауы, сондай-ақ мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімнің болмауы жағдайлары үшін жауапты болады;

25) Деректерді жинауға және өңдеуге келісім мыналарды қамтиды:

- атауы (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі));
- субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса);
- дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім қолданылатын мерзім немесе кезең;
- оператордың дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі немесе мұндай мүмкіндіктің болмауы туралы мәліметтер;
- оларды өңдеу процесінде дербес деректерді трансшекаралық берудің болуы немесе болмауы туралы мәліметтер;
- дербес деректердің жалпыға қолжетімді көздерде таратылуы туралы мәліметтер;
- дербес деректер субъектісіне қатысты жиналатын деректердің тізбесі;

26. Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының жалпыға қолжетімді көздерде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда, әлеуметтік желілерде, интернет-ресурстарда, мобильді қосымшаларында, сондай-ақ олардың серіктестерінің интернет-ресурстарында, мобильді қосымшаларында, әлеуметтік желілерінде сақталатын Сақтанушының дербес деректерін Сақтандырушының не үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне келісімін растайды;

27. Сақтанушының Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да міндеттері бар.

### **3. Сақтандырушының құқықтары:**

- 1) Сақтанушы хабарлаған ақпаратты тексеруге;
- 2) кез келген уақытта Сақтанушының Шарт талаптарын орындауын тексеруге, бұл ретте Сақтанушы оған кедергі жасауға құқылы емес;
- 3) Сақтанушы Шарт талаптарын бұзғаны анықталған кезде, Сақтандырушы Сақтанушы үшін міндетті болып табылатын, бұзушылықтарды жою туралы жазбаша нұсқаулар беруге құқылы;
- 4) сақтандыру жағдайы туралы барлық қажетті құжаттаманы құзыретті органдардан сұратуға;
- 5) егер сақтандыру жағдайы Шарт талаптарын бұзу салдарынан болған болса, сондай-ақ Сақтандыру қағидаларының 6-бабында көрсетілген негіздер бойынша, Сақтанушыға/Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға;
- 6) Сақтандыру қағидаларының 18-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Шартты мерзімінен бұрын бұзуға;
- 7) Сақтандырушының Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да құқықтары бар;
- 8) клиенттерге тиісінше тексеру жүргізу үшін Сақтанушыдан қажетті құжаттарды талап етуге.

### **4. Сақтандырушының міндеттері:**



- 1) сақтандыру жағдайы туралы хабарланған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, сақтандыру объектісін Сақтанушы ұсынған жағдайда және Сақтанушының немесе оның өкілінің қатысуымен зардап шеккен мүлікті қарауды жүргізуге;
- 2) сақтандыру жағдайының басталуын, оның себептерін, залал мөлшерін және сақтандыру төлемін алушының оны алуға құқығын растайтын барлық қажетті құжаттар болған кезде, соңғы қажетті құжат алынған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға немесе сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 3) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін жетіспейтін құжаттар туралы Сақтанушыны/Сақтандырылған тұлғаны құжаттар алынған күннен бастап 15 күн ішінде хабардар етуге;
- 4) Сақтандырушының Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да міндеттері бар;
- 5) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
  - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесінде болуы (бұдан әрі мәтін бойынша – ЖКҚТҚ тізбесі);
  - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының сұрауы бойынша тиісінше тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
  - ақша және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция ҚЖ/ТҚ (қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру) мақсатында жасалады деп пайымдауға негіздер болған кезде.
5. Тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі түпкілікті болып табылмайды, тараптардың жекелеген міндеттері осы қағидалардың басқа тармақтарында көзделген және сақтандыру шартында кеңейтілуі мүмкін.

### **13-бап. Сақтандыру шарты қолданылған кезеңде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары**

1. Сақтандыру шарты қолданылған кезеңде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандыру шарты жасалған кезде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға дереу жазбаша хабарлауға міндетті.
2. Қалай болғанда да мынадай өзгерістер мен мән-жайлар елеулі деп танылады:
  - 1) арнайы техниканы сақтандыру аумағынан тыс жерде пайдалану;
  - 2) арнайы техниканы жалға, лизингке, прокатқа, кепілге немесе өзге ауыртпалыққа беру, арнайы техниканы пайдалану сипатындағы елеулі өзгерістер, есептен шығару, уәкілетті органда қайта тіркеу;
  - 3) арнайы техниканы сату немесе басқа техникаға ауыстыру, шанақты/қозғалтқышты ауыстыру, қосымша жабдық орнату;
  - 4) арнайы техниканы пайдалану және сақтау сипаты мен мақсаттарының елеулі өзгеруі;
  - 5) сақтандырылған арнайы техникаға қатысты тіркеу құжаттарының, арнайы техниканың кілттерінің, дабыл беру жүйесінің басқару пультінің, тіркеу (мемлекеттік) нөмірлерінің (таңбаларының) жоғалуы, ұрлануы немесе ауыстырылуы;
  - 6) Сақтандыру шартында көрсетілмеген тұлғаға арнайы техниканы иеленуге (басқаруға) билік ету құқығын беру немесе сенімхат беру.
3. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы Сақтандыру шарты талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.



4. Егер Сақтанушы Сақтандыру шарты талаптарының өзгеруіне немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Шартты бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтанушы Сақтандырушының іс жүргізу шығыстарын және сақтандыру қызметінен табыс салығын төлеуді ескере отырып, сақтандыру қорғанысының қалған мерзімі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтаруға құқылы.
5. Сақтанушы осы баптың 1-тармағында көзделген міндетті орындамаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және оның бұзылуынан келтірілген залалды өтеуді талап етуге, немесе сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес азайтуға, не сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.
6. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар жойылып кетсе, Сақтандырушы Шартты бұзуды талап етуге құқылы емес.

#### **14-бап. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушының әрекеттері**

1. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиға басталған кезде, сондай-ақ сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушы міндетті:
  - қалыптасқан жағдайларда ықтимал залалдардың алдын алу немесе оларды азайту үшін барлық ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қабылдауға, оның ішінде бүлінген мүлікті құтқару және сақтау шараларын қабылдауға (егер сақтандырушы нақты шараларды қабылдау туралы нұсқаулар берсе, соларды орындауға міндетті);
  - оқиғаны уәкілетті мемлекеттік және өзге де құзыретті органдардың құжаттық рәсімдеуін қамтамасыз етуге;
  - өзі білген күннен бастап мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, оқиға туралы сақтандырушыны немесе оның уәкілетті өкілін хабардар етуге, оқиғаның мән-жайлары, келтірілген залалдың түрлері мен болжамды мөлшері туралы өзіне белгілі барлық мәліметтерді хабарлауға, сақтандырушымен одан арғы іс-әрекеттерді келісуге, сондай-ақ сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш ұсынуға. Егер сақтандыру шартында хабарлаудың өзге мерзімі және (немесе) тәсілі көзделсе, хабарлау келісілген мерзімде және шартта көрсетілген тәсілмен жасалуға тиіс;
  - бүлінген мүлікті сақтандырушы қарап шыққанға дейін сақтандыру оқиғасы басталғаннан кейінгі күйінде сақтауға. Сақтанушы келтірілген залалдың көрінісін тек қауіпсіздік мақсаттары, залал мөлшерін азайту қажеттілігі туындаған кезде немесе сақтандырушының келісімі алынған кезде, сондай-ақ оқиға туралы сақтандырушыны хабардар еткеннен кейін екі апта өткен соң ғана өзгертуге құқылы;
  - сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
  - сақтандырушыға сақтандыру жағдайы (оқиғасы) болған жерді және бүлінген мүлікті қарауға немесе тексеруге, залалдың себептері мен мөлшеріне қатысты тергеу жүргізуге, залалды азайту және сақтандырылған мүлікті құтқару жөніндегі іс-шараларға қатысуға мүмкіндік беруге;
  - залал үшін жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығын қамтамасыз етуге.
2. Сақтандырушының өкілі Сақтанушыдан залал туралы хабарлама күтпестен, зардап шеккен мүлікті қарауға кірісуге құқылы. Сақтанушы оған кедергі жасауға құқылы емес.
3. Егер сақтанушы сақтандырылған тұлға болып табылмаса, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыны хабардар ету және қалыптасқан жағдайларда ықтимал залалдардың алдын алу немесе оларды азайту үшін барлық ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қабылдау, оның ішінде сақтандырылған мүлікті құтқару және сақтау шараларын қабылдау міндеті сақтандырылған тұлғаға жүктеледі.
4. Пайда алушы барлық жағдайларда, сақтанушы немесе сақтандырылған тұлға мұны жасағанына не жасамағанына қарамастан, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыны хабардар етуге құқылы.
5. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы келісілген мерзімде хабардар етпеу оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.
6. Жылжымалы мүлік, жабдық және/немесе қоймадағы тауарлар қаза болған немесе бүлінген жағдайда, сақтанушы сақтандырушыға бүлінген, жойылған немесе жоғалған мүліктің тізімдемесін ұсынуға міндетті. Бұл тізімдемелер сақтандырушымен келісілген мерзімдерде, бірақ кез келген

жағдайда сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей ұсынылуға тиіс; тізімдемелер сақтандыру жағдайы болған күнгі бүлінген мүліктің құны көрсетіле отырып жасалады.

**7.** Сақтандырушы немесе оның өкілдері сақтандырылған мүлікті құтқаруға және сақтауға қатысуға, бұл үшін қажетті шараларды қабылдау жөнінде сақтанушыға нұсқау беруге құқылы.

### **15-бап. Сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі**

- 1.** Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ соның салдарынан келтірілген залалды дәлелдеу міндеті Сақтанушыға жүктеледі.
- 2.** Сақтандыру төлемін алу үшін сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) құжат жүзінде мыналарды дәлелдеуге міндетті:
  - сақтандырылған мүлікке өзінің мүддесін;
  - сақтандыру жағдайының болуын;
  - келтірілген залал мөлшерін.
- 3.** Сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) сақтандыру төлемін алу үшін сақтандырушыға мынадай құжаттарды ұсынуға тиіс:
  - 1) Сақтандыру шартының көшірмесі;
  - 2) болған оқиғаның қысқаша сипаттамасы бар Сақтанушының жазбаша өтініші;
  - 3) мүлікке құқық белгілейтін құжаттар, техникалық паспорт, кепілдік талоны, конструктивтік элементтер мен инженерлік жабдықтың техникалық сипаттамасы, меншік/иелену құқығын растайтын құжаттар (сатып алу-сату/жалдау шарттары, чектер, түбіртектер және т.б.), мүлікті пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар, дайындаушы зауыттың ұсынымдары;
  - 4) сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын уәкілетті мемлекеттік органдардың құжаттары: өртке қарсы қызмет актісі, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы, авариялық қызметтің (газ, су құбыры) актісі, Қазгидромет анықтамалары, ТЖ органдарының анықтамалары және т.б.;
  - 5) сақтандыру жағдайының басталу себебін анықтайтын құжаттар, өртке қарсы қызметтің қорытындылары, сараптама актілері, құқық қорғау органдарының құжаттары немесе сот үкімі;
  - 6) мүліктің бухгалтерлік қалдық құнын қамтитын құжаттар.
- 4.** Сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) мүлікке мүддені, сақтандыру жағдайының басталуын және келтірілген залал мөлшерін растайтын өзге де дәлелдемелерді ұсынуға құқылы.
- 5.** Болған оқиға туралы неғұрлым толық ақпарат алу мақсатында сақтандырушы құзыретті органдардан (ішкі істер органдары, өрт қадағалау органдары, авариялық-техникалық қызметтер, газ желісінің авариялық қызметтері), кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан оқиғаның басталу мән-жайлары туралы мәліметтер сұратуға, сондай-ақ оның туындау себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға құқылы.
- 6.** Қажет болған жағдайда оқиғаның басталу себептерін және залал мөлшерін айқындау жөніндегі жұмысты сақтандырушының тапсырмасы бойынша тәуелсіз сарапшылар, бағалаушылар, авариялық комиссарлар орындай алады.

### **16-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері**

- 1.** Егер Сақтандырушы мүліктің бүлінуін немесе жоғалуын (жойылуын) сақтандыру жағдайы деп таныса, сақтандыру төлемі Сақтанушыға/Пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде, бірақ сақтандыру жағдайынан келтірілген нақты залалдан (тәуелсіз сарапшының бағалау есебі негізінде белгіленген мүліктің нарықтық құнынан) аспайтын мөлшерде, франшиза мен амортизация шарттарын ескере отырып жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемінің валютасы – теңге.
- 2.** Сақтандыру объектісінің (мүліктің) сақтандыру сомасы нарықтық құнынан төмен болған жағдайда, сақтандыру төлемі сақтандыру сомасының мүліктің нарықтық құнына қатынасына пропорционалды түрде жүзеге асырылады.
- 3.** Сақтандыру төлемі Сақтандыру қағидаларының 15-бабында көрсетілген сақтандыру жағдайының басталуын, оның себептерін, залал мөлшерін және алушының сақтандыру төлемін алуға құқығын растайтын қажетті құжаттардың соңғысы ұсынылған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.



- 4.** Сақтанушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы туралы хабарланған сәттен бастап 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін жетіспейтін құжаттар туралы хат жібереді. Тараптардың еркінен тыс себептерге байланысты Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға жақын арада құжаттарды ұсыну мүмкін еместігі туралы Сақтандырушыны хабардар еткен жағдайлар ерекшелік болып табылады.
- 5.** Сақтандыру жағдайы салдарынан келтірілген залал мөлшері тәуелсіз сарапшының жазбаша бағалау есебі негізінде айқындалады. Бастапқыда тәуелсіз сарапшының қызметіне ақы төлеуді Сақтандырушы жүргізеді. Тәуелсіз сарапшының бағалау есебімен келіспеген жағдайда залалды қайта сараптау құнын Шарттың бастамашы Тарапы төлейді. Тәуелсіз сарапшының бағалау есебіне бүлінген және/немесе жоғалған мүліктің тізімдемесі, сондай-ақ бүлінген мүліктің фотосуреттері қоса беріледі.
- 6.** Мүлік бүлінген кезде сақтандыру төлемінің мөлшері Сақтандырушы арқылы бүлінген мүлікті қалпына келтіру құнынан немесе оның жекелеген бөлшектерін жөндеуге қажетті шығындар сомасынан, ауыстырылатын бөлшектердің амортизациялық тозуы мен франшиза сомасын шегере отырып айқындалады.
- 7.** Мүлік жоғалған (жойылған) кезде сақтандыру төлемінің мөлшері Сақтандырушы арқылы амортизациялық тозуды ескере отырып, мүліктің нақты құнынан, одан әрі пайдалануға жарамды қалдықтар мен франшиза сомасын шегере отырып айқындалады.
- 8.** Қалпына келтіру шығыстарына мыналар жатады:
  - 1) материалдар мен мүліктің жекелеген бөлшектеріне арналған шығыстар;
  - 2) жөндеу жұмыстарының ақысын төлеуге арналған шығыстар.
- 9.** Қалпына келтіру шығыстарына мыналар жатпайды:
  - 1) мүлікті өзгертуге немесе жақсартуға қажетті шығыстар;
  - 2) қажеттіліктен тыс жасалған шығыстар;
  - 3) материалдарды жөндеу орнына жеткізу шығыстары.
- 10.** Қажет болған жағдайда Сақтандырушы/Сақтанушы сақтандыру объектісін қалпына келтіру сметаларын сараптау үшін істің нәтижесіне мүдделі емес сарапшылардың және/немесе мамандардың қызметтерін пайдалануға құқылы.
- 11.** Егер сақтандыру сомасы қалпына келтірілмесе, сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтандыру сомасы жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің мөлшеріне азаяды. Бүлінген мүлік қалпына келтірілген кезде Сақтанушы қосымша сақтандыру сыйлықақысы үшін сақтандыру сомасының бастапқы мөлшерін қалпына келтіруге құқылы.
- 12.** Сақтандырушы Сақтанушының келісімі бойынша сақтандыру төлемін сақтандыру төлемі сомасы шегінде заттай нысандағы залал өтемімен алмастыруға құқылы.
- 13.** Сақтандыру төлемі Сақтанушының/Пайда алушының банктік шотына ақша аудару жолымен жүргізіледі. Сақтандыру төлемі күні деп Сақтандырушының банктік шотынан ақша есептен шығарылған күн, ал залал заттай нысанда өтелген кезде – сақтандырылған мүлікке ұқсас зат ұсынылған күн, ал оны жөндеген кезде – сақтандырылған мүлікті жөндейтін ұйымның банктік шотына ақша түскен күн есептеледі.
- 14.** Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін, сақтандырылған мүлік жоғалған (жойылған) кезде, Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру объектісіне қатысты мүліктік құқықтардан Сақтандырушының пайдасына бас тарту туралы жазбаша абандон-өтінішті, сақтандырылған мүлікке қатысты барлық құқық белгілейтін құжаттарды (түпнұсқаларын), сондай-ақ кілттер жиынтығын (түпнұсқаларын) беруге міндетті.
- 15.** Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде жоғалған сақтандырылған мүліктің қалдық құнын ұстап қала отырып, абандон құқығынан бас тартуға құқылы.
- 16.** Егер сақтандыру жағдайы басталған сәтте сақтандыру объектісіне қатысты өзге сақтандыру шарттары қолданылып тұрса, сақтандыру төлемі объектіні әрбір Сақтандырушы сақтандырған сақтандыру сомаларының арақатынасына пропорционалды бөлінеді, ал Сақтандыру шартының Тарапы болып табылатын Сақтандырушы тек өз үлесіне тиесілі бөлігінде ғана сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
- 17.** Егер құзыретті органдар Сақтанушыға немесе оның жұмыскерлеріне қарсы қылмыстық іс қозғап, сақтандыру жағдайының басталуына және келтірілген залалдарға әкеп соққан мән-жайлар бойынша тергеу жүргізіп жатса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыруды тергеу аяқталғанға дейін кейінге қалдыруға құқылы.



**18.** Егер Сақтандыру шартында сақтандыру шарты жасалған сәтте сақтандыру сомасы сақтандырылған мүліктің нақты құнынан төмен айқындалса, сақтандыру төлемінің мөлшері франшизаны ескере отырып, сақтандыру сомасының мүліктің нақты құнына қатынасына пропорционалды түрде, бірақ сақтандыру сомасы шегінде айқындалады. Бұл жағдайда сақтандыру төлемінің мөлшері (СТ) мынадай формула бойынша айқындалады:  $СТ = 3 \times C / CҚ$ , мұнда: 3 – нақты залал мөлшері; C – сақтандыру сомасы; CҚ – сақтандырылған мүліктің нақты құны.

**17-бап. Сақтанушының залалды өтеуге қатысты құқықтарының сақтандырушыға өтуі (суброгация)**

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға төленген сома шегінде, сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру нәтижесінде өтелген залал үшін жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығы өтеді.
2. Сақтанушы (сақтандырылған тұлға) сақтандыру төлемін алған кезде өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді сақтандырушыға беруге және сақтандырушының өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
3. Егер сақтанушы (сақтандырылған тұлға) сақтандырушы өтеген залал үшін жауапты тұлғаға қатысты өз талап ету құқығынан бас тартса немесе бұл құқықты жүзеге асыру сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) кінәсінен мүмкін болмаса, сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

**18-бап. Шарттың қолданылу мерзімі және тоқтатылу талаптары**

1. Сақтандыру қорғанысының әрекет ету кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.
2. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:
  - 1) франшиза мен амортизация шарттарын қолдануды ескере отырып, толық сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде;
  - 2) Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысының кезекті бөлігін төлемеген кезде;
  - 3) Сақтанушы Шарттан бас тартқан кезде;
  - 4) сот Шартты жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдаған кезде;
  - 5) Сақтанушының сақтандыру объектісіне құқығы жоғалған кезде;
  - 6) Тараптардың бірі таратылған кезде;
  - 7) Тараптардың Шартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы келісімі болған кезде;
  - 8) Тараптардың бірі Шарт талаптарын елеулі түрде бұзған жағдайда талап қойған кезде. Шарт талаптарын елеулі бұзу деп Тараптардың бірі Шарт талаптарын орындамауын немесе Шарт талаптарын орындауға кедергі келтіретін мән-жайлардың туындауын түсінеді. Шарт талаптарын орындауға кедергі келтіретін мән-жайлардың туындау фактісі құжатпен расталуға тиіс.
3. Осы баптың 2-тармағының 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша Шартты мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы бастамашы Тарап екінші Тарапты тоқтатудың болжамды күнінен кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.
4. Осы баптың 2-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша, сондай-ақ ҚР АҚ 841-бабының 1-тармағында көрсетілген жағдайларда Шарттың қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, Сақтандырушы төленген сақтандыру сыйлықақысынан сақтандыру әрекет еткен уақытқа пропорционалды есептелген бөлікті ұстап қалуға, сондай-ақ қайтарылатын сомадан әкімшілік шығыстарды (оларға: жасалған Сақтандыру шарты бойынша табыс салығы, агенттік сыйақы және осы Сақтандыру шартына қызмет көрсететін менеджерге сыйақы кіреді) шегеруге құқылы.
5. Егер бұл осы Қағидалардың осы бабының 2-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Сақтанушы-жеке тұлғаның Шарттан бас тартуына байланысты Шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде, ол жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын), сақтандыру әрекет еткен уақытқа пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және сақтандыру шартын бұзуға байланысты алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшеріндегі шығыстарды шегере отырып қайтаруға міндетті.



6. Сақтанушы-жеке тұлғаның заем шартымен байланысты Шарттан, заемшының заем шарты бойынша займ беруші алдындағы міндеттемелерін орындауы себебінен бас тартуына байланысты Шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын), сақтандыру әрекет еткен уақытқа пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және сақтандыру шартын бұзуға байланысты алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшеріндегі шығыстарды шегере отырып қайтаруға міндетті.
7. Егер Сақтанушының Шарттан бас тартуы осы баптың 2, 5, 6-тармақтарында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.
8. Шарттың қолданылуы өзге негіздер бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылуға жатпайды.
9. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан және сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде, Шарттан бас тартқан күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде төлеуге, сондай-ақ сақтандыру сыйлықақысын уақтылы төлемегені үшін төленуге тиіс сақтандыру сыйлықақысының 0,1% мөлшерінде әрбір мерзімі өткен күн үшін тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
10. Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын қайтару сомасын алуы (банктегі шоттан ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруы немесе Сақтандырушы кассасынан қолма-қол ақша алуы және т.б.) Сақтанушының қайтарылатын сома мөлшерімен келіскенін растауға жеткілікті негіз болып табылады және алынған соманы даулаудың кез келген мүмкіндігін жоққа шығарады. Қайтарылатын сома мөлшерімен келіспеген жағдайда, Сақтанушы аударылған ақшаны шоттан шешіп алмауға тиіс.

### **19-бап. Қосымша талаптар**

1. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Тараптардың өзара келісімі бойынша, Тараптардың бірінің жазбаша өтініші (хабарламасы) негізінде жүргізіледі.
2. Егер қандай да бір Тарап Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келіспесе, бес күндік мерзімде Шартты бұрынғы талаптарда жалғастыру немесе Сақтандыру шартын тоқтату туралы мәселе шешіледі.
3. Тараптардың бірінің өтінішін алған сәттен бастап осы баптың 1 және 2-тармақтарынан туындайтын шешім қабылданған сәтке дейін Сақтандыру шарты бұрынғы талаптарда әрекет етеді.
4. Тараптар ынтымақтастық нәтижесінде алынған құпия ақпаратты жария етпеуге тиіс.
5. Шарт бойынша тікелей немесе жанама түрде мынадай оқиғалардың әсері нәтижесінде немесе олардың болуы кезінде туындаған жауапкершілікті сақтандыру жабылмайды:
  - 1) соғыста, әскери іс-қимылдарда, арнайы операцияларда, бітімгершілік акцияларда, кез келген қақтығыстарда, толқуларда, жаппай тәртіпсіздіктерде, революцияларда, төңкерістерде, билікті құлатуда, оккупацияларда, интервенцияларда және өзге де осыған ұқсас әрекеттерде қолдануға арналған немесе қолданылатын кез келген зымырандардың, снарядтардың, миналардың, торпедалардың, бомбалардың, жаппай қырып-жою қаруларының және өзге де қару/құралдардың, машиналардың, кемелердің/өзге де жүзу құралдарының, техниканың, дрондардың, роботтардың, техникалық құралдардың, жабдықтардың әсері;
  - 2) соғыста, әскери іс-қимылдарда, арнайы операцияларда, бітімгершілік акцияларда, кез келген қақтығыстарда, толқуларда, жаппай тәртіпсіздіктерде, революцияларда, төңкерістерде, билікті құлатуда, оккупацияларда, интервенцияларда және өзге де осыған ұқсас әрекеттерде қолдануға арналған, қолданылған немесе қолданылғаннан кейін қалған, не осындай әрекет құралдарын залалсыздандырғаннан кейін қалған кез келген зымырандардың, снарядтардың, миналардың, торпедалардың, бомбалардың, жаппай қырып-жою қаруларының және өзге де қару/құралдардың, машиналардың, кемелердің/өзге де жүзу құралдарының, техниканың, дрондардың, роботтардың, техникалық құралдардың, жабдықтардың әсері.
6. Шарт бойынша тікелей немесе жанама түрде мынадай жағдайда туындаған жауапкершілікті сақтандыру жабылмайды:
  - 1) соғыс жарияланғанына немесе жарияланбағанына қарамастан әскери іс-қимылдар;
  - 2) мемлекеттік органдар, әскери қызметшілер, әскери міндеттілер, жалдамалы әскерлер, бітімгерлер жүргізетін кез келген арнайы операциялар, іс-шаралар, әрекеттер;



- 3) жаппай тәртіпсіздіктер, революциялар, қақтығыстар, толқулар, оккупациялар, интервенциялар, локауттар, ереуілдер, митингілер;
  - 4) терроризмге қарсы операциялар;
  - 5) бітімгершілік операциялар;
  - 6) төтенше жағдай;
  - 7) коменданттық жағдай;
  - 8) әскери жағдай;
  - 9) жүріп-тұруды шектеу режимдері;
  - 10) жаппай тонаудың, қарақшылықтың, ұрлықтың, бұзақылықтың болуы.
- 7. Шарт бойынша сақтандыру қорғанысымен мыналардың нәтижесінде туындаған залал немесе жоғалту жабылмайды:**
- 1) сақтандырылған мүлікті кез келген үкіметтің, не оның бұйрығы бойынша (әскери, азаматтық немесе іс жүзіндегі), не қоғамдық немесе жергілікті билік органдарының тәркілеуі, ұлттандыруы, басып алуы, ұстап қалуы, қамауға алуы, жоюы, иемденуі, меншігіне немесе пайдалану үшін реквизициялауы;
  - 2) кез келген өзге талаптарға қарамастан, шарт бойынша сақтандыру оқиғаларға қолданылмайды, ал Сақтандырушы қандай да бір төлемдерді немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмайды және Сақтанушыға немесе өзге тұлғаға қандай да бір қызметтер көрсетпейді, егер мұндай жабу, төлем, сақтандыру төлемі немесе қызмет және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге де қызметі сауда немесе экономикалық санкциялар туралы қолданылатын кез келген заңнамалық немесе өзге де нормативтік-құқықтық нормаларды бұзу болып табылса.
- 8. Тараптар OFAC, Еуроодақ, Ұлыбритания тарапынан Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігі мен тәуелсіздігін бұзатын немесе оған қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары туралы санкциялар және/немесе шектеулер Сақтанушыға, оның: үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, жұмыскерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыны жай жазбаша хабардар ету жолымен Шартты біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы екенімен келіседі. Шарт Сақтандырушы Сақтанушыға электрондық пошта арқылы немесе Сақтандыру шартында көрсетілген мекенжайға пошта арқылы хабарлама жіберген сәттен бастап бұзылған болып есептеледі.**
- 9. Тараптар осы Қағидалардың осы бабының 8-тармағына сәйкес Шарттың қолданысы тоқтатылғаннан кейін Сақтандырушы осы Шарт бойынша төленген агенттік сыйақыны шегере отырып, пайдаланылмаған сақтандыру қорғанысы кезеңіне пропорционалды пайдаланылмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін Шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде қайтаратынымен келіседі.**
- 10. Тараптар OFAC, Еуроодақ, Ұлыбритания тарапынан Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігі мен тәуелсіздігін бұзатын немесе оған қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары туралы санкциялар және/немесе шектеулер Сақтанушыға, оның: үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, жұмыскерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қолданылған жағдайда, Сақтандырушы осы Шарт бойынша, оның ішінде санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейін басталған оқиғалар бойынша да сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтынымен келіседі.**
- 11. Тараптар Сақтандырушы осы Қағидалардың осы бабының 8-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзған кезде және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемі төленбеген жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға тұрақсыздық айыбын төлемейтінін және қандай да бір залалдарды өтемейтінін келіседі.**

## **20-бап. Дауларды шешу тәртібі**

- 1. Сақтандыру шарты бойынша Тараптар арасында туындайтын барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі.**
- 2. Тараптар келісімге қол жеткізбеген жағдайда, дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттың қарауына беріледі.**



**№ 1 қосымша**

**мүлікті (арнайы техниканы) сақтандыру қағидаларына**

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСИ / СТРАХОВОЙ ПОЛИС \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

САҚТАНДЫРУ СЫНЫБЫ / КЛАСС СТРАХОВАНИЯ	
МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ / ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЛИЦЕНЗИЯ	
САҚТАНДЫРУШЫ / СТРАХОВЩИК	«Евразия» СК» АҚ, Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 59. тел.: (727) 258 43 36; факс: 258 43 38, «Еуразиялық банк» АҚ-ның № 6 филиалындағы, БСН: 950540000024, IBAN: KZ4094806KZT22030005, BIC/SWIFT: EURIKZKA / АО «СК «Евразия», Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 59. тел.: (727) 258 43 36, факс: 258 43 38, БИН: 950540000024, IBAN: KZ4094806KZT22030005 в Филиале №6 АО «Евразийский банк» г.Алматы, BIC/SWIFT: EURIKZKA
САҚТАНУШЫ / СТРАХОВАТЕЛЬ	_____
САҚТАНДЫРЫЛҒАН САҚТАНУШЫ / ЗАСТРАХОВАННЫЙ	_____
ПАЙДА АЛУШЫ САҚТАНУШЫ / ВЫГОДОПРИОБРЕТАТЕЛЬ	_____
САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ / ОБЪЕКТ СТРАХОВАНИЯ	_____
САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІНІҢ МЕКЕН ЖАЙЫ / МЕСТОНАХОЖДЕНИЕ ОБЪЕКТА СТРАХОВАНИЯ	_____

САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ / СТРАХОВАЯ СУММА	САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫ / СТРАХОВАЯ ПРЕМИЯ
_____	_____

САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ / СТРАХОВОЙ СЛУЧАЙ	
БЕЗУСЛОВНАЯ ФРАНШИЗА / ШАРТСЫЗ ФРАНШИЗА	
САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ ВАЛЮТА ТҮРІ, ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ / ВИД ВАЛЮТЫ, ПОРЯДОК И СРОКИ УПЛАТЫ СТРАХОВОЙ ПРЕМИИ	
САҚТАНДЫРУ АЙМАҒЫ / ТЕРРИТОРИЯ ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	
САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ / СРОК ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	с «__» _____ 20__ года по «__» _____ 20__ года. <b>обе даты включительно</b>
ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР / ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ	
САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ / ПОРЯДОК И СРОКИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЫ	
ПОЛИСІНІҢ ТАЛАПТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ТӘРТІБІ / СЛУЧАИ И ПОРЯДОК ВНЕСЕНИЯ ИЗМЕНЕНИЙ В УСЛОВИЯ ПОЛИСА	
КОМИССИЯ/АГЕННИК ТӨЛЕМ	

Сақтандыру шарттарымен таныстым, өзім хабарлаған деректердің шынайылығын растаймын, полисті алдым.  
С условиями страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис получил.  
Сақтандыру Ережесімен таныстым және алдым / С Правилами страхования ознакомлен и копию получил

Сақтандырушы (немесе оның өкілі)/  
Страховщик (или его представитель):  
АО «Страховая компания «Евразия»

Сақтанушы / Страхователь:

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

М.П.

М.П.

*Если подписант агент*

Агент (ФИО/Наименование)

Адрес (если агент юридическое лицо)

ИИН/БИН

телефон

Берілген күні / Дата выдачи: «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж./г.